

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қаржылық есептіліктің тізбесі, ұсыну мерзімдері және тәртібі, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептілігін жариялау мерзімдері туралы" 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 20 шілдедегі N 82 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 2 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4907 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 25 ақпандағы № 11 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.02.25 № 11(қолданысқа 2011.07.01 енгізіледі) Қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңының қабылдануына және екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептілігін жетілдіруге байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қаржылық есептіліктің тізбесі, ұсыну мерзімдері және тәртібі, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептілігін жариялау мерзімдері туралы" 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4553 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

тақырыпта "екінші деңгейдегі банктердің" деген сөздерден кейін "және " Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының 8-бабына , "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабына , " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңының 54 және 55-баптарына , "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан

Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңының 19-бабына сәйкес
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

1 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"екінші деңгейдегі банктер" деген сөздерден кейін "және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы" деген сөздермен толықтырылсын;

"3-5-тармақтарында" деген сөз және цифрлар "3 және 5-тармақтарында" деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"1 сәуіріне дейінгі" деген сөздер және цифр "30 сәуіріне дейінгі" деген сөздермен және цифрмен ауыстырылсын;

"3-5-тармақтарында" деген сөз және цифрлар "3 және 5-тармақтарында" деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 1) т о қ с а н с а й ы н :

бағалы қағаздары шетелдік қор биржаларына айналысқа жіберілгендер есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның ішінде шоғырландырылған бухгалтерлік балансты және кірістер мен шығыстар туралы есепті жарияласын;

өзге банктер есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-на дейінгі мерзімде шоғырландырылмаған бухгалтерлік балансты және кірістер мен шығыстар туралы есепті жарияласын;" ;

2) және 3) тармақшаларда "кірістер мен шығыстар" деген сөздер "пайда және зиян" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы тармақтың 1) тармақшасының орындалуы туралы мәліметтерді: бағалы қағаздары шетелдік қор биржаларына айналысқа жіберілгендер есепті тоқсаннан кейінгі төртінші айдың 10-на дейінгі мерзімде;

өзге банктер, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-на дейінгі мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға ұсынсын;" ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бухгалтерлік баланстан, пайда және зиян туралы есептерден, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және түсіндірме жазбадан тұратын банктің қаржылық есептілігі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалады.

Қаржылық есептілік өзінің мәні, функциялары, көлемдері бойынша елеулі айырмашылығы бар және қаржылық жай-күйді, қаржылық нәтижені, ақша

қаражатының қозғалысын және банктің капиталындағы есепті кезеңдегі өзгерістерді түсінуді жақсартуға себепші болатын сомалар бойынша жеке желілік баптардан тұруы тиіс."

4-тармақ алынып тасталсын:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банктің ақша қаражатының қозғалысы туралы есебі банктің таңдауы бойынша тікелей немесе жанама әдіспен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалады. 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап банктің ақша қаражатының қозғалысы туралы есебі тікелей әдіс бойынша жасалады.";

6-тармақта "2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5-тармақты қоспағанда," деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі. Осы қаулының 1-тармағындағы жиырма алтыншы және жиырма жетінші абзацтар 2007 жылғы 9 наурыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З. Айманбетоваға жүктелсін.

Ү л т т ы к Б а н к

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
қаржы нарығы мен қаржы
ұйымдарын реттеу және
қадағалау агенттігінің Төрағасы

2007 жылғы 27 шілде

